

Көлік құралдарын еріксіз тоқтатуға "Кірпі" арнайы құрылғысын қолдану тәртібінің нұсқамасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 1996 жылғы 13 тамыз N 265 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 13 маусымда N 316 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 15 қазандағы № 842 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 15.10.2015 № 842 бұйрығымен.

Көлік құралдарын еріксіз тоқтатуды қамтамасыз ету мақсатында бұйырамын:

1. 1996 жылдың 1-ші тамызынан бастап көлік құралдарын еріксіз тоқтататын "Кірпі" арнайы құрылғысын қолдану тәртібінің нұсқамасы іске асырылсын және бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Ішкі істер департаменттерінің бастықтары:

1) аталған Нұсқаманы ішкі істер органдары жеке құрамының зерделеуін ұйымдастырып, сынақтар қабылдай отырып, практикалық сабақтар өткізілсін;

2) белгіленген тиесілік нормаларына сәйкес "Кірпі" арнайы құрылғысын сатып алуды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі Істер министрінің 2009.01.09 N 7 Бұйрығымен.

3. **Алынып тасталды - ҚР Ішкі Істер министрінің 2009.01.09 N 7 Бұйрығымен.**

4. **Алынып тасталды - ҚР Ішкі Істер министрінің 2009.01.09 N 7 Бұйрығымен.**

5. 1983 жылғы 31 мамырдағы ССРО ИМ-нің N 0146 "Көлік құралдарын еріксіз тоқтатуға арналған "Кірпі" арнайы құрылғысын қолдану тәртібі туралы" бұйрығының күші жойылды деп есептелсін. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі ішкі әскерлер қолбасшысы генерал-лейтенант Қазақстан Республикасы ИМ 1996 жылғы 13 тамыздағы N 265 бұйрығына қосымша КЕЛІСІЛГЕН Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары юстиция аға кеңесшісі Ж.С.Елубаев 1996 ж. 18 шілде Көлік құралдарын еріксіз тоқтатуға арналған "Кірпі" арнайы құрылғысын қолданудың тәртібі туралы* НҰСҚАМА Ескерту: Бұдан әрі қарай "Кірпі" құрылғысы аталады I. "Кірпі" құрылғысының қызметі:

I.1. "Кірпі" құрылғысы көлік құралдарын мынадай белгілі жағдайларда анық

мәлімет бойынша еріксіз тоқтатуға арналған:

- қылмыс жасау үшін қолданылған, ұрланған немесе айдап кеткен;
- адамдардың өлімі мен жарақаттануына соқтырған көлік-жол оқиғасы жасалған жерден жасырынған жүргізушінің басқаруындағы;
- адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіріп, ішкі істер органдары қызметкерлерінің әлденеше Заңды талабына бағынбаған жүргізуші басқаруындағы көліктерге қолданылады.

1.2. "Кірпі" құрылғысы бірдей түзу арақашықтықта капрон (металл) лентаға орнатылған тікенектерден тұрады.

II. "Кірпі" құрылғысын қолдану тәртібі

1. "Кірпі" құрылғысын ішкі істер органдарының осы Нұсқаулықты білетін және оны іс жүзінде қолдануды жақсы меңгерген қызметкерлері қолданады.

2. Ішкі істер органдарының қызметкерлері 1.1. пунктте көрсетілгендей көлік құралының келе жатқандағы туралы мәлімет алысымен:

2.1. Тұрақты стационарлық поста қызметте тұрғанда:

- "Кірпі" құрылғысы қолданылады деген жерден мүмкіндігінше алысырақтау жерге барлық жүргін көліктер тоқтатылып қойылады, сонымен қатар "Кірпі" қондырғысы қойылған жерден елді мекенде 50 м, елді мекеннен тыс жерде 75 м. ара қашықтықта "Өтуге болмайды" деген уақытша белгі қойылуы тиіс. Сонымен қатар шлагбаумдар мен бағдаршамдарды пайдалануға да болады.

- ішкі істер органының қызметкері күдікті машинаны тоқтату үшін үздіксіз белгі бере отырып "Кірпі" құрылғысын құрады да оны айналып өтетін жол бөліктерін автомашиналармен, тракторлармен, өздігінен жүретін машиналармен немесе басқа да поста тұрған дөңгелекті техникалармен бөгеп қояды.

2.2. Патруль автомобилімен қызметте жүргенде:

- ішкі істер органдарының қызметкері айналып өтіп кетеді-ау деген жолдарды ескере отырып күдікті көлік құралдарын ұстау ауданын белгілейді;

- ішкі істер органдарының қызметкерлері патруль автомобилін жол жағасына қойып, ондағы арнайы жарық және дыбыс дабылдарын қосып қояды да жолда келе жатқан барлық көлік құралдарын тоқтатып "Кірпі" құрылғысымен жолды б ө г е й д і .

2.3. Күдікті көлік "Кірпі" құрылғысын басып өтісімен ішкі істер органдарының қызметкерлері көлік жүргізуші және онымен бірге келе жатқан адамдары ұстауды ұйымдастырады.

2.4. Ішінде қарулы қылмыскерлер бар көлік құралдарын ұстауға қарсы "Кірпі" қондырғысын пайдаланғанда арнайы топ шақырылады.

3. "Кірпі" құрылғысын:

3.1. Теміржол тораптарында, жер асты жолдарында, көпірлерде, жол өткелдерінде эстакадаларда;

3.2. Автобустарға, троллейбустарға, адам таситын жүк машиналарына (егер кузов пен салонда жолаушылар бар болса);
- мотоциклдерге, мотоколяскаларға, мотороллер және мопедтерге;
- шетелдік өкілдіктер мен шетел азаматтарына тиісті автокөліктерге, егер бұл көліктердің тоналған немесе ұрланғандығы жайында, сондай-ақ оларды тартып алып қылмыстық мақсатқа қолданғандығы туралы анық мәліметтер бар жағдайлардан басқа кезде қолдануға болмайды.

4. "Кірпі" құрылғысын қолданған ішкі істер органдарының қызметкер ол туралы ПБ-нің, МАИ бөлімшелерінің бастықтарына көлік құралын еріксіз тоқтату жөніндегі хабар қашан, кімнен (фамилиясы, аты-жөні, лауазымы, шені) қайдан берілгендігі жөнінде және кімге қарсы қолданғаны мен оны қолдану жағдайы әрі нәтижесі көрсетілген рапортпен баяндайды.

	Қазақстан	Республикасы	ІІМ	МАИББ
Қ а з а қ с т а н		Р е с п у б л и к а с ы		
І І М	М А И	Б а с	б а с қ а р м а с ы	

Көлік құралдарын еріксіз тоқтатуға арналған "Кірпі" арнаулы құрылғысын қолдану тәртібі жөніндегі нұсқаманы қайта жолдап отырмыз; Нұсқама Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісіліп және оның қолы қойылған.
ҚОСЫМША: Нұсқама 3 (үш) бетте. Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының басқарма бастығы юстиция аға кеңесшісі